

Жүрекке жалын береді

Елбасы Н.Назарбаевтың әрбір Жолдауы – шын мәніндегі баршамыз асыға күтетін саяси-экономикалық және әлеуметтік тұрғыда аса терең мазмұны бар тарихи құжат. Десек те, биылғы Жолдаудың сипаты мен маңызы ерекше болды. Сондықтан да қазақ елінің тарихында алтын әріптермен жазылып қалатын болады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы армандап, аңсаған тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында жария етілген бұл құжат өткенімізді зерделеп, келешек бағытымызды айшықтап берді.

«Қазақстан-2030» бағдарламасы негізінен орындалып, тәуелсіз еліміз әлемнің бәсекеге барынша қабілетті дамыған елдерінің тізімінде 51-орында тұр. Ендігі мақсат – сол тізімнің алғашқы отыздығына кіру.

Біз М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің жастары, әсіресе, Елбасының өскелең ұрпаққа жоғары сапалы білім мен тәлім-тәрбие беру саласындағы тұжырымдарын толығымен құптаймыз. Өйткені бағдарламадағы ауқымды да өзекті міндеттерді орындау, тек қана өз Отанын жан-тәнімен сүйетін шынайы патриот, жоғары білікті мамандардың ғана қолынан келеді.

Бізді айрықша толғандырған 2025 жылға қарай қазақ тілінің қоғамның бар саласында үстемдік етіп, әліпбиіміздің латын қарпіне көшуі туралы қойылған міндет болды. Бұл деген, сөз жоқ, тарихи әділеттіліктің салтанат құруы болмақ. Нәтижесінде 1940 жылға дейін қолданыста болған латын әліпбиі қайта қалпына келіп, келмеске кеткен қызыл империяның солақай шешімі де бақилық болады.

Біз Елбасымыздың қазақ халқының бірлігі төңірегіндегі біршама алаңдаушылығына да түсіністікпен қараймыз. Ел бірлігіне іріткі салып жүрген кейбір күштердің іс-әрекеттерін батыл түрде айыптап, олардың бұл келенсіз тірліктеріне мейлінше тойтарыс беруге жұмылатын боламыз.

«XXI ғасыр Қазақстанның алтын ғасыры болатынына сенемін, – деді Елбасы. Нұрсұлтан Әбішұлының осы сенімін актау үшін біз бар күш-жігерімізді аямақ емеспіз, себебі Қазақстанның болашағы біздер, мұның бәрі біз үшін жасалып отыр!

Заман ОРЫНБЕКОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
магистранты,
Шымкент қаласы